

Жалғыз акционердің – күндізгі отырыстың хаттамасымен «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғам директорлар Кеңесінің 2023 жылғы «16» ақпан №03/23 шешімімен **«БЕКІТІЛДІ»**

ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
Коммерциялық емес акционерлік қоғам
«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті»

1. Жарғының 2 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

2. Қоғамның толық атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 - 2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Казахский агротехнический исследовательский университет имени Сакена Сейфуллина»;
 - 3) ағылшын тілінде: «Saken Seifullin Kazakh agrotechnical research university» non commercial joint stock company.

2. Жарғының 3 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

3. Қоғамның қысқартылған атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ;
 - 2) орыс тілінде: НАО «КАТИУ имени С.Сейфуллина»;
 - 3) ағылшын тілінде: «S.Seifullin KATRU» NCJSC

3. Жарғының 6 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«Қоғам акционерлік қоғамның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатындай ұйымдық-құқықтық түрде «Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22-мамырдағы №409 Қаулысына сәйкес құрылды.

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22-тамыздағы №659 Қаулысымен Қоғамның 100% пакет акциясы «Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 1 қыркүйетегі №545 қаулысымен қоғамға зерттеу университеті мәртебесі берілді».

